

## **Бұқар жырау ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 31 наурыздағы № 20/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 5 сәуірде № 6278 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" заңдарына сәйкес, Бұқар жырау аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бұқар жырау ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші осы қаулының қосымшасына сәйкес жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

*Аудан әкімі*

*Ш. Мамалинов*

Бұқар жырау  
ауданының әкімдігі  
2021 жылғы 31  
наурыздағы  
№ 20/01  
қаулысына қосымша

## **Бұқар жырау ауданы әкімдігінің кейбір күші жойылған қаулыларының тізімі**

Бұқар жырау ауданы әкімдігінің қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

2019 жылғы 10 қаңтарындағы № 01/01 "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5154 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2019 жылы 29 қаңтарда жарияланған);

2017 жылғы 26 маусымдағы № 25/03 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4299 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2017 жылы 18 шілдесінде жарияланған);

2017 жылғы 26 маусымдағы № 25/04 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4300 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2017 жылы 18 шілдесінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ